

Корея Республикасы мен  
Қазақстан Республикасы арасындағы  
келіссөздер мен іс-сапарларға  
байланысты дайындалатын  
дипломатиялық құжаттар

# Жоспар

- Қазақстан Республикасы мен Корея Республикасы арасындағы дипломатиялық қарым-қатастар
- Екі ел арасындағы негізгі келісім шарттар
- Екі ел арасындағы Сауда-экономикалық ынтымақтастық
- Корея Республикасы – Қазақстандағы №1 -инвестор
- Корытынды

## *Қазақстан Республикасы мен Корея Республикасы арасындағы дипломатиялық қарым-қатынастар*

- Дипломатиялық қарым-қатынастар 1992 жылғы 28 қантарда орнатылды.
- Корея Республикасының Қазақстан Республикасында Елшілігі 1993 жылы ашылды.
- Қазақстан Республикасының Корея Республикасындағы Елшілігі 1996 жылы ашылды.



## ***Екі ел арасындағы негізгі келісім шарттар***


- Қазақстан Республикасы мен Корея Республикасы арасындағы дипломатиялық қарым-қатынас орнату туралы хаттама  
(Мәскеу, 28.01.1992 ж.).
- Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Корея Республикасының Үкіметі арасындағы сауда келісім шарты  
(Алматы, 03.07.1992 ж.).
- Қазақстан Республикасы мен Корея Республикасы арасындағы қарым-қатынас пен ынтымақтастықтың негізгі қағидаттараты туралы декларация  
(Сеул, 16.05. 1995 ж.).
- Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Корея Республикасының Үкіметі арасындағы ғылыми-техникалық ынтымақтастық жөніндегі келісім шарты  
(Сеул, 16.05.1995 ж.).
- Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Корея Республикасының Үкіметі арасындағы мәдени ынтымақтастық жөніндегі келісім шарты  
(Сеул, 16.05. 1995 ж.).

*Екі ел арасында жалпы көлемі 32 құжат бекітілді.*

- 1992-1994 ж. КР Ұлттық Ассамблеясы, СІМ, корейлік ірі компаниялар мен фирмалардың өкілдері Қазақстанға келді.
- 1994 ж. шілде айында ҚР СІМ делегациясы министрдің бірінші орынбасарымен Сеулге жұмыс бабымен сапар жасады. Бұл сапарда екі ел арасындағы ынтымақтастық туралы хаттамаға қол қойылды.
- 1995 ж. 15-18 мамыр айында Н.Назарбаев Сеулге ресми сапармен барды. Бұл сапар барысында екі ел арасында бірнеше құжаттарға қол қойылды: ҚР мен КР арасындағы қарым-қатынастардың негізгі принциптері туралы декларация; Мәдени ынтымақтастық келісімі; Ғылыми-технологиялық ынтымақтастық келісімі.

## Жоғарғы деңгейдегі байланыстар

- ҚР Президенті Н.Ә.Назарбаев Корея Республикасына мемлекеттік сапармен 2 рет ( 1995 ж. 15-18 мамыр; 2010 ж. 21-23 сәуір), ресми сапармен (2003 ж. 12-14 қараша) және жұмыс сапарымен ( 2012 ж. 26-27 наурыз Ядролық қауіпсіздік бойынша 2-Саммит) барды.
- ҚР Президенттері Қазақстан Республикасына 3 рет мемлекеттік сапармен (2004 ж. 18-20 қыркүйек Но Ми Хен; 2009 ж. 12-14 мамыр Ли Мен Бак; 2014 ж. 18-20 маусым Пак Кын Хе), 2 рет ресми сапармен ( 2011 ж. 24-25 тамызда және 2012 ж. 13-14 қыркүйекте Ли Мен Бак) келді.



# Биік деңгейдегі кездесулер



- Премьер-министрлер деңгейінде 2013 ж. 8-10 желтоқсанда С. Ахметов Корея Республикасына, 2006 ж. 21-24 қыркүйекте Хан Мен Сук және 2008 ж. 13-15 мамырда Хан Сын Су Қазақстан Республикасына келді.
- Премьер-министрдің орынбасары деңгейінде 2008 ж. 25 ақпанда Ә. Шүкеев, 2010 ж. наурызда Ә. Исекешев, 2012 ж. 11-13 мамырда Қ. Келімбетов, 2013 ж. 25 ақпанда Б. Сағынтаев Корея Республикасына сапар шекті.

- 2006 ж. қыркүйекте Премьер-министр Хан Мен Суктың Қазақстанға сапар барысында 6 құжатқа кол қойылды, мұнайхимиясы және ақпараттық технологиялар саласында екі жұмыс тобы құрылды.
- 2008 ж. 13-15 мамырда КР Премьер-Министрі Хан Сын Судың Қазақстанға ресми сапары өтті. Сапар барысында бірнеше құжаттарға, оның ішінде “Жамбыл” кен орнын бірлесіп өңдеу бойынша құжаттарға кол қойылды. Экономикалық саладағы ынтымақтастық жөніндегі іс-қимылдар жобасын әзірлеу туралы уағдаластыққа қол жеткізді. Сонымен қатар, сапар кезінде “Қазақстан-Корея: ынтымақтастықтың жаңа келешегі” атты бизнес-форумы ұйымдастырылды.

## *Сауда-экономикалық ынтымақтастық*

- 2014 жылы екіжақты тауар айналымы 40,7 % өсіп, 1,940 млрд. долларды құрады (экспорт – 872,6 млн., импорт – 128,6 млн.).
- Казақстандық экспорттың негізгі тауарлары уран, ферроқүйіндилар, таза болат пен темір, алтын, мыс прокаттары, ал импортты электр өнімдері, көліккүрылышы өнімдері мен жабдықтары құрайды.
- Казақстанда оңтүстік корей капиталының қатысуымен 900 астам бірлескен кәсіп орын тіркелді («Samsung C&T», «LG Electronics», «LG Chem», «SK Corporation», «Hyundai», «POSCO» және «Dong Il Highville», «Urim», «Кықдонг Консоль» құрылыш фирмалары және т.б.).
- Екі ел арасында Сауда-экономикалық және ғылыми-техникалық ынтымақтастық бойынша ұкіметаралық комиссия, Энергетика және минералды ресурстар бойынша комитет, Мәдени ынтымақтастық бойынша комиссия, Стратегиялық ынтымақтастық бойынша іскерлік кеңес және Технологиялық ынтымақтастық бойынша орталық сияқты бірлескен комитеттер жұмыс істейді.



**SAMSUNG**

**HYUNDAI**



**LG**



- Қазақстан мен Корея арасындағы энергетика және минералды ресурстар саласындағы ынтымақтастық қарқынды дамуда.
- ҚР-дағы кен орындарын зерттеу бойынша корей Консорциумының құрамына 6 компания кіреді.
- 2005 жылғы желтоқсанда Каннам университетінде Қазақтың Мемлекеттік Ұлттық Әл-Фараби атындағы университетімен Қызылорда Мемлекеттік Қорқыт Ата атындағы университетінің қолғабысымен «Қазақстантану» бөлімі ашылды.



## Корея Республикасы – Қазақстандағы №1-инвестор.

- 2011 ж. тамыздың 25-і күні Ақордада Елбасы Н.Ә. Назарбаев Қазақстанға мемлекеттік іс-сапармен келген Корея Республикасының Президенті Ли Мен Бакпен кездесті. Кеңейтілген құрамда өткен кездесуден кейін ел экономикасы үшін аса маңызды құжаттарға қол қойылды. Оған сәйкес, қазақстанның экономикаға қаржы құю жағынан Корея Республикасы Қазақстандағы №1-инвестор атанды.

- Президент Ли Мен Бак Қазақстанға мемлекеттік іс-сапармен келіп, Нұрсұлтан Назарбаевпен бірге стратегиялық әріптестікті орнату туралы бірлескен мәлімдемеге қол қойды. Рәсімделген құжаттардың ішінде Қазақстан мен Оңтүстік Корея арасындағы ынтымақтастықты тереңдетуді көздейтін іс-шаралар жоспары болды. 2010 жылы осы жоспардың нақты нәтижелері көріне бастиады. Мемлекет басшысының Кореяға жасаған мемлекеттік сапары барысында екі елдің бизнесмендері 20-ға жуық келісімшартқа қол қойды.
- Оның ішінде 1,1 млрд долларға бағаланған жобалар болды. Осыдан кейін Қостанай қаласында «Sang Yong» маркалы көліктерді құрастыру кәсіпорны ашылса, Алматы облысында «Hyundai» автобустары мен жүк көліктерін шығаратын зауыт іске қосылды. 2014 жылға қарай бұл зауытта 5 мың көліктің 50 түрін құрастыру жоспарланған.

## Екі ірі жобаның құны – 9 миллиард доллар

- Аталған екі жобаның біріншісі Балқаш жылу электр стансысы. Бүгінгі таңда Балқаш жылу электр стансысының құрылымымен «Самұрық-Энерго» АҚ-ы және кореялық «КЭПКО-Самсунг» консорциумы айналысада. Жобаның жалпы құны – 4,5 млрд доллар. Жоспар бойынша, стансының 1 және 2- энергоблоктары 2013 жылға дейін іске қосылса, 2015-2016 жылдары 3 және 4- блоктар жұмыс істей бастайды.
- Бүгінде Балқаш жылу электр стансысының құрылышы бойынша акционерлердің үлес салмағы келесідей: «Самұрық-Энерго» АҚсы – 25 пайыз +1 акция, «КЭПКО-Самсунг» консорциумы – 70 пайыз -1 акция және «Қазақмыс PLC» 5 пайызға ие.





- Екінші ірі жоба – Атырау облысындағы газ-химия кешенінің құрылышы бойынша келіспеушіліктер болмаған көрінеді. Жобаның бірінші кезеңінде жылына 500 мың тонна полипропилен шыгарылса, екінші кезеңде бұл көрсеткішті 800 мың тоннаға дейін жеткізу жоспарланып отыр.
- Бұгінде осы нысан бойынша акционерлердің үлес салмағы келесідей: жоба операторы – «Kazakhstan Petrochemical Industries Inc.» ЖШС: «ҚазМұнайГаз» барлау мен өндіру» АҚ-сы – 51% («Бірлескен химия компаниясы» ЖШС-нің басқаруында) және «SAT&Company» АҚ-ы – 49 пайыз.

- Бұгінде Оңтүстік Кореяның Қазақстанға салған инвестициясы шамамен 8 млрд долларды құрайды. Бұл елде Оңтүстік Кореяның инвестиациясын пайдаланып 700-ден астам ортақ компания жұмыс істейді.
- Осы компаниялардың басында Samsung компаниясы Қазақстанның онтүстігінде атом электр стансасын салу жауапкершілігін мойнына алып, Қазақстанды модернизациялау арқылы екі елдің қарым-қатынасын дамытуды көздейді.
- Осы белсенділіктермен бір мезгілде Қазақстанда тұрақты өмір сүретін 120 мыңнан астам корейліктің Қазақстан мен Оңтүстік Корея арасындағы екіжақты қарым-қатынасты дамытуда «достық көпірлерінің бірі» болып рөл атқаратындығын назардан тыс қалдыруға болмайды.

## Қазақ-Көріс дипломатиялық қарым-қатынасына 24 жыл

- 28 қаңтарда Қазақстан Республикасы мен Корея Республикасының дипломатиялық қарым-қатынас орнатқанына 24 жыл толады. Нақты айтсақ, 1992 жылы 28 қаңтарда Қазақстан Республикасы мен Корея Республикасының арасында дипломатиялық қарым-қатынас орнады. Содан бастап еліміздің саяси және экономикалық өмірінде қыруар шаруалар атқарылды. 2012 жылдың көктем айларында өткен Сеулдегі саммитке дейін Қазақстан Республикасы мен Корея Республикасының арасындағы саяси және экономикалық қарым-қатынастар әр салада қарқынды дамыды. Осы 22 жылдық тарихы бар Қазақ пен Көріс қарым-қатынасының алтын іргетасы Қазақстан Президенті Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың тікелей араласуымен берік қаланды. Екі елдің арасында орнаған дипломатиялық қатынас қос елдің болашағы үшін қызмет етіп келеді.



# Корытынды

- 1992 жылы Қазақстан Республикасы мен Корея Республикасының арасында дипломатиялық қарым-қатынас орнаған жылдан бері екі елдің арасында сан-сала бойынша ынтымақтастық тұрақты дамып отырды. Екі елдің мемлекет басшылары әрдайым өзара мүдделілік білдіретін кең ауқымды мәселелерді талқылай отырып, бірігіп атқаруға күш салып келеді. Бұл Қазақстан мен Кореяның жақындығын әрі стратегиялық серіктестер екендігінің үлкен дәлелі. Алдағы жылдары бұл ынтымақтастықтың перспективасы жоғары. Екі ел әсіресе үкімет аралық кездесулер өткізіп, экономика және технология салалары бойынша жиі пікір алмасуда. Екі елдің ынтымақтастығы сапалы жаңа кезеңдерге көтерілу үшін екі елдің кәсіпкерлері белсенді қызмет атқару керек. Міне, осындай атқарылған ірі істердің бәрі 22 жыл бойы жүрген жақын қарым-қатынас пен достықтың дәлелі. Корей мен Қазақ қатынасы әлі де болашақта жаңа белен алған, жаңаша дами түседі. Келешекте екі елдің ынтымақтастығы нығаяды.

# Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

- ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ СЫРТҚЫ ИСТЕР МИНИСТРЛІГІ ресми сайты : <http://mfa.gov.kz>
- Хабар 24 сайты: <http://24.kz/kz/>
- К.Тоқаев: «Дипломатия Республики Казахстан» (169-170 бб)